Негіздеме

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының 32 бабының 12 тармағына сәйкес, көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер материалдық мәдени құндылықтар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 13 мамырдағы «Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және күтіп ұстау қағидаларын бекіту туралы» № 129 бұйрығының 2 тармағының 2.1 және 5.1 тармақшасына сәйкес, Қор сатып алу комиссиясының оң шешімінің негізінде ұсынылған мәдени құндылық - кемер белдік.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мұрасының рухани да материалдық қазынасының қомақты бөлігі ұлттық қолөнер болып табылады. Халық қолөнерінің түп тамыры халықтың өмір сүру салтымен, шаруашылық дәстүрімен тығыз байланысты. Ғасырлар бойы уақыт елегінен өтіп ұрпақтан-ұрпаққа жеткен ұлттық қолөнер бабалардан қалған мәдени мұрамыздың ең асыл құнды қазынасының бірі. Солардың ішінде былғары белдіктер жасауды алуға болады.

Ұсынылып отырған құнды жәдігер кемер белдік (1890 ж. жасалған) – Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Ащыбұлақ ауылының тумасына әкесінен мұра ретінде қалған.

Кемер белдікді шапанның сыртынан буынған. Белдік таза былғарыдан тігіліп, беті күміспен шапталған пластиналармен әшекейленген. Әрбір пластина бетіне ұлттық нақыштағы ою–өрнектер жүргізілген. Бетіне ақық, көк және қызыл түсті тастар мен сары түсті шыны қондырылған. Екі ұшына қапсырма бекітілген. Қапсырма беті бір дөңгелек ақық және төрт бұрышына қызыл түсті дөңгелек кішкентай тастармен көмкерілген.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ұсынылып отырған музейлік мәні бар кемер белдіктің тарихи, музейлік құндылығы жоғары.

Бас қор сақтаушы **Р.Тұрсымбекова**